

**Орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасыны өтеу нормативтерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 25 ақпандағы № 18-02/132 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 2 сәуірде № 10613 тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 131-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Орман алқаптарын орман және ауыл шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасыны өтеу нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы *С. Омаров*

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрі  
Б. Сұлтанов

2015 жылғы

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 25 ақпандағы

**Орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасыны өтеу нормативтері**

Р/с №	Орман түрлерінің топтары	Орман шаруашылығы өндірісі шығасындарының өтеу мөлшері мың теңге/гектар
1	2	3
1	Ақ сексеуіл және қара сексеуіл өскен жер	32,8
2	Тянь-Шань ормандарының түпкілікті құрғақ қайыңдықтары; Тянь-Шаньның түпкілікті құрғақ көктеректері; тізбектелген қарағайлы тоғайдағы қолдан отырғызылған құрғақ көктеректер	62,1
3	Шөлді аймақтағы жайылма ормандар; аралдық қарағайлы тоғайдағы қолдан отырғызылған құрғақ көктеректер;	81,1
4	Сулы шоқ қайыңдар, жаппай өскен қайыңдар	101,6
5	Қазақтың ұсақ шоқыларындағы өте құрғақ қарағайлықтар; жас және дымқыл шоқ көктеректер	125,1
6	Дымқыл шоқ қайыңдар	145,4
7	Қазақ Алтайының жалпақ шөпті және папоротникті қолдан отырғызылған көктеректіктері; Қалба тауының өте құрғақ қарағайлықтары; Жартылай шөлейт аймақтағы жайылма ормандар	167,6
8	Тізбектелген қарағайлы тоғайдағы түпкілікті жас, жас және ылғалды көктеректер	191,03
9	Түпкілікті ылғалды, жас және ылғалды аралдық қарағайлы тоғайдағы қайыңдықтар; таулы, бұталы қолдан отырғызылған көктеректер; Қалба тауының құрғақ қарағайлықтары	215,2
10	Тянь-Шаньның таулы түпкілікті, аралас шөп тұқымдас қайыңдықтары; Қазақтың ұсақ шоқыларындағы құрғақ қарағайлықтар	243,8
11	Қазақтың ұсақ шоқыларындағы жас және ылғалды, уақытша және түпкілікті ылғалды шоқ қайыңдықтар, тізбектелген қарағайлы тоғайлардың ылғалды және жас қайыңдықтары; тізбектелген қарағайлы тоғайлардың өте құрғақ қайыңдықтары; құрғақ мүкті және аршалы балқарағайлықтар	282,5
12	Қазақтың ұсақ шоқыларындағы және аралдық қарағайлы тоғайдағы ылғалды шоқ көктеректіктер, уақытша ылғалды көктеректіктері; аралдық қарағайлы тоғайдағы өте құрғақ қарағайлықтар; субальпілік дымқыл қылқан жапырақты орман, бұталы майқарағайлықтар	322,3
13	Тянь-Шаньның мүкті-шөпті, тасты және құрғақ шыршалықтары; тізбектелген қарағайлы тоғайдағы құрғақ қарағайлықтар	358,6
14	Қазақтың ұсақ шоқыларындағы және Баян-Қарқаралы тауларының жас және ылғалды қарағайлықтары; Қалба тауының жас қарағайлықтары	398,9

15	Тізбектелген қарағайлы тоғайдағы жайылма ормандар; аралдық қарағайлы тоғайдағы құрғақ қарағайлықтар	445,7
16	Жас және ылғалды тобылғылы, түрлі шөп тұқымдас самырсындықтар; жас және ылғалды қайыңдықтар; тізбектелген қарағайлы тоғайдағы жас және ылғалды қарағайлықтар	491,5
17	Жалпақ шөпті, папоротникті және таулы-жазықтық дымқыл, жас қылқан жапырақты майқарағайлықтар	542,3
18	Түрлі шөп тұқымдас, шетенді-талды, мүкті-шөпті Солтүстік Тянь-Шаньның жас және ылғалды шыршалықтары	594,7
19	Аралдық қарағайлы тоғайдағы жас және ылғалды қарағайлықтар	664,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК